

«Еркіншілік ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
Қамқоршылық кеңесі

Хаттама №2

Қатысты: 20

Қатысушылар: мектеп директоры, директордың орынбасарлары, психолог, қамқоршылық кеңес мүшелері, ата-аналар комитетінің төрағасы, мектептің кәсіподақ комитетінің төрағасы, Еңбек негізгі мектебінің директоры.

14.12.2021ж

Күн тәртібінде:

1. Сауықтыру шараларын ұйымдастыру және өткізу.
2. Балаларға қатысты зорлық-зомбылық және қатыгездік мәселесі бойынша профилактикалық жұмыстарды ұйымдастыру.
3. Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында кәмілетке толмаған оқушылардың үйлеріне рейдтік шаралар ұйымдастыру.
4. «Отбасы күні» мерекесін ұйымдастыру.
5. Жаңа жылдық мерекелерді ұйымдастыруға және дайындауға көмектесу.

1. Бірінші сұрақ бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Салкынбаева А.А. тыңдалды, оқу жылының басынан бастап оқу-тәрбие жұмысының жылдық жоспарына сәйкес барлық сауықтыру іс-шаралары онлайн, сонымен қатар офлайн режимінде жүргізіледі, барлық санитарлық нормаларды сақтаумен. Отбасы күні мерекесі аясында мектептің спорт залында «Толағай» спорттық сайсы өтіп, оған 4 отбасы қатысты. 2021 жылдың 18 желтоқсанында мектебіміздің түлектері Кошербаев Қ.Г., Хамзин А. Т. демеушілігімен мектепте күрес залының салтанатты ашылуы өтті. Бастауыш сыныптарда жүйелі түрде таза ауада сауықтыру шаралады өткізіледі.

Қабылданған қаулы. Хабарды мәліметке алу.

2. Екінші сұрақ бойынша мектеп психологы Е.Ә. Жайсанбаева тыңдалды, ол 2021 жылдың қыркүйек-қазан айларында мектептегі және отбасындағы зорлық-зомбылық пен қатыгездік тақырыбында 1-11 сынып оқушылар арасында сауалнама жүргізілгенін хабарлады.

Сауалнамаға сәйкес оқушылардың 94% өз құқықтарын біледі. Оқушылардың айтуы бойынша зорлық-зомбылық қатыгездікті тек теледидардан көрген. Сауалнама нәтижесі бойынша оқушылар өз құқықтарын мектептегі ұстаздарынан білетіндігі анықталды. Балалардың барлығы ата-анасы оларға сүйіспеншілік танытады деп жауап берді. «Мектепшілік қауіпсіздік тобы» онкүндігі өткізілді, мақсаты – мектеп ұжымының қатысуын арттыру, зорлық-зомбылықсыз мектеп ортасын құру. Балаларға қатысты зорлық-зомбылық пен қатыгездік мәселесі бойынша профилактикалық жұмыстарды ұйымдастыру мақсатында мектепте сынып сағаттары өткізіледі.

Қабылданған қаулы. Хабарды мәліметке алу.

3. Үшінші сұрақ бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Мырзахан Қайратгул тыңдалды. Кәмелетке толмаған арасында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасарлары, сынып жетекшілер, учаскелік полиция инспекторымен бірігіп құқықбұзушылыққа бейім оқушылардың үйлеріне жүйелі түрде рейд жүргізеді. Рейдтік іс-шаралар барысында ата-аналармен де, балалармен де жеке әңгімелер өткізіліп, құқықбұзушылықтың салдары туралы түсіндіріледі, ауыр зардаптарға әкеліп соқтыратын заң бұзушылықтардың түрлі мысалдары келтіріледі. Мектепте және мектептен тыс тәртіп ережелерін сақтау ұсынылады.

Қабылданған қаулы. Хабарды мәліметке алу.














4. Төртінші сұрақ бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Салкынбаева А.А. тыңдалды, ол «Отбасы күні» мерекесі онлайн режимінде ұйымдастыру және өткізу туралы ақпарат берді. Қазан айында 3 отбасының қатысуымен «Менің отбасым – үздік» байқауы офлайн режимінде өткізілді, өткізу кезінде барлық санитарлық нормалар сақталды. Мектепте «Күншуақ» отбасылық клубы жұмыс істейді. Клубқа арнайы кабинет бөлініп, безендірілді. Клубтың бекітілген жылдық жұмыс жоспары бар. Қазіргі уақытта шектеу шараларына байланысты, оны жүзеге асыру негізінен онлайн режимінде өтеді. «Күншуақ» мектепшілік отбасы клубы 2021 жылдың қазан айында «Үздік отбасылық қарым-қатынас үйірмелері» облыстық байқауына қатысып 2 жүлделі орынға ие болды. (80 мың теңге сертификат)

Қабылданған қаулы. Хабарды мәліметке алу.

5. Бесінші сұрақ бойынша камқорлық кеңесінің төрағасы Хашабай Жазира тыңдалды, жаңа жылдық мерекелерді ұйымдастыру және дайындау туралы. Пандемияға байланысты оқу орындарында бұл мерекені офлайн режимінде өткізуге тыйым салынады, оған негіз – аймақтық санитарлық дәрігердің шешімі. Сыныптар бойынша мереке онлайн түрінде өткізілді. Мектеп бойынша жетім балалар санатындағы 7 сынып оқушысы онлайн режимінде Президент шыршасына қатысты. Аудан әкімінің жаңа жылдық шыршасына онлайн режимінде 4 оқушы қатысты.

Шешімі:

1. Денсаулықты нығайту мақсатында сауықтыру шараларын өткізуді жалғастыру.
2. Оқушылар арасында зорлық-зомбылық пен қатыгездікке қарсы профилактикалық жұмыстарды тиісті деңгейде ұйымдастыру.
3. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, сынып жетекшілері рейдтік іс-шараларды жалғастыру.
4. «Отбасы күні» мерекесін мектепішілік дәстүрлі мереке ретінде қалыптастыру.
5. Жаңа жылдық іс-шараларды онлайн режимінде өткізу, фотолар мен бейнероликтерді әлеуметтік желілерде жариялау.

Қамқорлық кеңесінің төрайымы:		Хашабай Жазира
Қамқорлық кеңесінің хатшысы:		Байсалхан Ә.
Қамқорлық кеңесінің мүшесі:		Саркулаков Ө.Т.
Қамқорлық кеңесінің мүшесі:		Ильяс М.
Қамқорлық кеңесінің мүшесі:		Кожакөв С.К.
Қамқорлық кеңесінің мүшесі:		Байтасов К.Х.
Қамқорлық кеңесінің мүшесі:		Шевченко Н.
Қамқорлық кеңесінің мүшесі:		Муталив Н.
Қамқорлық кеңесінің мүшесі:		Мухы К.
Қамқорлық кеңесінің мүшесі:		Ахмет Х.
Қамқорлық кеңесінің мүшесі:		Депутат К.
Қамқорлық кеңесінің мүшесі:		Камес Р.
Қамқорлық кеңесінің мүшесі:		Аханова А.